

# Пациент және оның туыстарына реабилитация шараларына үйрету

Жұмабай Гүлзира

## Пациент туыстарынан ақпарат жинау



## Сауалнама

1. Ми инсульті туралы білесіз бе?

- Иә
- Жоқ

2. Ми инсультына алып келетін қауіп факторларын білесіз бе?

- Иә
- жоқ

3. Қан қысымыңыздың қалыпты көрсеткішін білесіз бе?

- Иә сис \_\_\_\_\_ диас \_\_\_\_\_
- Жоқ

4. Бой, салмақ көрсеткішіңіз

- Бой \_\_\_\_\_
- Салмақ \_\_\_\_\_

5. Күйзеліске жиі түсесіз бе?

- Иә
- Жоқ

6. Қандай да бір жүрек ауруарымен ауырдыңыз ба?

- Иә
- Жоқ

Белгілеңіз

---

7. Инсульт алған жақындарыңыз болды ма, ата – анаңыз, туыстарыңыз?

- Иә
- Жоқ

Белгілеңіз

---

8. Дене белсенділігімен айналысасыз ба?

- Иә
- Жоқ

9. Инсульттің белгілерін білесіз бе?

- Иә
- жоқ

10. Инсульттен кейінгі асқынуларды білесіз бе?

- Иә
- Жоқ

**Пациентте анықталған  
проблема -  
ойылудың алдын алуды  
үйрету**


**Ойылу- терінің және жұмсақ тіндердің ұзақ уақыт қысылуынан шіруге дейін баратын зақымдануы.**

**Ойылулардың пайда болуын үш негізгі фактор шақырады:**

**Қысым- өз денесінің қысымы әсерінен тіндердің қысылуы болады, тіндер басылғанда тамырлар диаметрі кішірейеді, ишемия салдарынан тіндер қоректенуі бұзылады.**

**Қиюшы күш - тіндердің бұзылуы және механикалық зақымдалуы тікелей емес қысым салдарынан болады. Ол тіндердің тіреуіш бетіне қатысты ығысуынан дамиды. Ығысу науқас төсектен төмен жылжығанда немесе төсек басынан қарай көтерілгенде пайда болады**

**Үйкелу – «қиюшы» кері компоненті, терінің мүйізді қабатының түсіп, оның бетінің жаралануына әкеледі. Үйкеліс тері ылғалданғанда күшейеді.**



Ол дененің сүйектерінің шығыңқы жерлерінің кез- келген бөлігінде пайда болуы мүмкін.



Науқас шалқасынан жатқанда құйымшақ, өкше, жауырын, шүйде аймақтары ойылуы мүмкін.



Науқас етпетінен жатқанда қабырға, тізе, аяқ башайларының сырт жағы, мықын сүйегінің қыры ойылады

**I дәреже** — эпидермальды және тері қабаттарымен шектелген. Тері беті бұзылмаған көгерген-қызыл дақпен гиперемия тұрақты болады, қысым әсер етпеген кезде де жоғалмайды. Ем- консервативті.

**II дәреже** — тері жабындыларының бүтіндігінің терең емес беткей бұзылыстары, бұзылыстар тері асты май қабатына да тараған көгерген — қызыл дақтармен тұрақты гиперемия сақталады. Эпидермистің ажырауы болады.

**III дәреже** — тері жабындыларының бүкіл тереңдігінен бұлшық ет қабатына дейін толық бұзылуы, бұзылыс бұлшық еттің өзіне де өтеді.

**IV дәреже** — барлық жұмсақ тіндердің зақымдалуы төмендегі тіндердің бұзылысымен қуыстың пайда болуы (сіңірлер, сүйектерге дейін).



## Ойылудың алдын алу

**Мақсаты:** ойылудың алдын алу.

- ❖ **Іс-әрекет алгоритмі:**
- ❖ **Күніне бір реттен кем емес, тері қабатының жағдайын бағалап отыру.**
- ❖ **Төсеніш (матрац) төсек үсті тегіс таза болуы керек.**
- ❖ **Төсекте қыртыс, тағам қалдығы болмауын қадағалаңыз.**
- ❖ **Ішкі киімдерін ауыстырып отыр. Сегіз көздің астына резеңке дөңгелек, шынтақ, өкше астына жастықша қойыңыз.**
- ❖ **Әрбір екі сағат сайын пациенттің төсектегі қалпын өзгертіп отыру, оны төсектің үстіне көтеріп, екі қырына кезек аударып отыру, етбетінен жатқызу.**
- ❖ **Теріде ойылудың болуы мүмкін аймақтарын күнделікті тексеріп отыру: құйымшақ, өкше, жауырын, сан сүйегі тұстары, тізе буынының ішкі жақтары**
- ❖ **Күніне екі рет ойылулар болуы мүмкін аймақтарды жылы сумен сабындап жуып отыру:**
  - ❖- сүлгімен құрғатып сүрту;
  - ❖- камфорлы спиртке немесе этил спиртіне батырылған салфеткамен тазалау;
  - ❖- қорғаныш кремін жағу;
- **ойылулар пайда болуы мүмкін аймақтардың жұмсақ тіндерін массаж жасау тәсілімен сылау. .**

## Пациентпен және оның туысымен кері байланыс





## Пациенттің ақпаратты түсінгендігін бағалау

Ойылу туралы толық ақпарат ала алдыңыз ба?	Ойылудың алдын алуды айтып бере аласыз ба?	Ойылу кезінде күтім көрсете аласыз ба?

**“Қызыл”** түспен бояу- барлығы түсінікті болды.

**“Сары”** түспен бояу- тапсырманы орындау барысында қиындықтар туындады.

**“Көк”** түспен бояу – тапсырманы орындай алмадым.

# Өзіндік бағалау

Пациентпен осы ауру жайлы не білетіні жайлы ақпарат жинау	Пациенттің проблемасын анықтау және оны шешу жолдарын қарастыру	Пациентті оқытудың мақсатын, жоспарын анықтау	Пациентті оқыту жоспарын іске асыру

“қызыл” түспен бояу- барлығы түсінікті болды.

“сары” түспен бояу- тапсырманы орындау барысында қиындықтар туындады.

“көк” түспен бояу – тапсырманы орындай алмадым.